

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Еркежан» бөбекжайы

Топ: «Арай» тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі : Мамыр

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Денешынықтыру	<p>Жалпы дамыту жаттығулар: Саусақтарды айқастырып, алға жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру(бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру.(5-6 рет) ; аяқты ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру. Қосалқы қадаммен алға қарай жүру.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау. Гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.</p> <p>Жүгіру: Белгіленген жерге дейін жылдамдыққа(ұзындығы 20м) жүгіру</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.</p> <p>Секіру. Биіктен секіру, 20 см дейінгі биіктікке секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу(арақашықтығы 4-5м)</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір бірінің жанына және бір бірінің артынан сапқа тұру. Орнында айналу,оңға , солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p> <p>Музыкалық- ырғақтық жаттығулар: Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Футбол элементтері. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Допты қақпаға тебу.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</p> <p>Дене бітімін қалыптастыру және аяқтың өкшелерін нығайту.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:</p> <p>Қоғамдық орындарда гигиена ережелері сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p>
	Сауат ашу негіздері	<p>Сөйлемді ауызша талдау; жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p> <p>Қолды жазуға дайындау. Саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.</p>
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:

		<p>Ана тіліндегі дауысты айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-к, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Сөздік қор: Қазақ халқының салт дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрінің мәнін түсіндіру, балаларды бір біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға тапсырманы орындауға, бір бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір біріне қпамқор болуға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Интонациясы бойынша сөйлемдерді(хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу:Шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Сөйлегенде салыстыруларды қолдану.</p> <p>Шығармаларды қабылдау. Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.</p>
	<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын. Жиынның бөліктерін санау және элементтердің(заттардың) бір біріне қатынасы негізінде салыстыру.</p> <p>Сан және санау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.</p> <p>Шама: Заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.</p> <p>Геометриялық пішіндер. 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор кезінде сызуға үйрету.</p>
	<p>Қөркем әдебиет</p>	<p>Оқу, әңгімелеу. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p> <p>Мәнерлеп оқу. Жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Адам өмірі үшін саздың, тастардың және т.б. маңызын түсіндіру.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Жануарлар әлемі. Жануарларды қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу), табиғи климаттық аймақтар(ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл және т.б) бойынша топтастыру</p> <p>Бала, оның отбасы, үйі: үйде отбасы мүшелеріне алғыс айту, сыпайы сөйлесуге баулу.</p>

	<p>Заттық әлем. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну (теледидар) қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Еңбекке баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан. Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің мағыздылығын түсіну. Халық ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу.</p> <p>Жол қозғалысы ережелері. «Велосипед жолы» белгілерін білу. Қозғалыс ережелерін сақтау.</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру: Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.</p> <p>Қағаздан құрастыру. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған тұрмыстық заттарымен таныстыру. Табиғи (дәннің түрлерінен) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p> <p>Конструктор бөлшектерінен құрастыру. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.</p>
Сурет	<p>Заттық сурет салу. Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға өзбетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.</p> <p>Сәндік сурет салу: Қазақ ою-өрнектерді өзбетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.</p>
Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу: Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: тұрмыстық заттарын қалауы бойынша мүсіндеу(керует, үстел, ер тұрман, ошақ, кебеже, диірмен)</p> <p>Сәндік мүсіндеу: бұйымдарды ою өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау</p>
Апликация	<p>Заттық жапсыру: Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Сюжеттік жапсыруда балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу. Композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Сәндік жапсыру: Киіз үйдің жабдықтарымен(сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттарды қиып жапсыру, оларды ою өрнектермен безендіру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p>
Қазақ тілі	<p>Түстер жайлы түсінік дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Түстерді ажыратып, дұрыс атай білуге үйрету.</p> <p>Түстерге байланысты 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді және сөздерді байланыстырып</p>

	<p>құрастыруды үйрету. Сөз ішіндегі дыбыстарды ажырата алу дағдыларын дамыту. «1 мамыр-Бірлік күні» жайлы әңгімелеу. Мереке жайлы қарапайым сұрақтар қояды және оған жауап береді. Меңгерілетін сөздер: ақ,қара, көк, қызыл, сары, қоңыр, татулық достық.</p>
<p>Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру</p> <p>Ән айту Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Әннің табиғатын қабылдауға, ән айтуға, дурыс интонациялауға, ритақты үлгіні, динамиканы дәл жеткізуге, музыкалық кіріспені, ән айтуды, хорды, қорытындыны ажырата білуге үйретуді жалғастыру. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p>Билер Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, әңкүйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына</p>

		<p>сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету.</p> <p><i>Би шығармашылығы</i></p> <p>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><i>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау</i></p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптарда бірлесіп ойнау дағдыларын жетілдіру. Қазақ халық аспаптарында ойнауға деген сүйіспеншілікті ояту және оларға ойын тәсілдерін бекіту.</p> <p>Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>
--	--	---